



БҰЙРЫҚ

18.04.2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 92

город Астана

**«Қазақстан экологиясын жақсартуға
қандай үлес қосамын?» эссе байқауының
жұмыстарына сараптама кезеңін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігінің 27 наурыздағы №01-27/2289-И хаты және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 18 сәуірдегі №638 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының дарынды оқушылардың жоба жұмыстары мен конкурстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы К.Баяхметова 2024 жылдың 18-19 сәуір аралығында «Қазақстан экологиясын жақсартуға қандай үлес қосамын?» эссе байқауының жұмыстарына (бұдан әрі – Байқау) сараптама кезеңін өткізуді ұйымдастырсын.

2. Байқаудың қазылар алқасы құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған жоғары оқу орындары оқытушыларының сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2024 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Абишеваға жүктелсін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева